

«Ақмола облысы білім басқармасының
Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
Еркіншілік ауылының жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ

БҰЙРЫҚ

№2 01.09.2021ж.
Еркіншілік ауылы
Саржайлау көшесі,24
020808

КГУ «Общеобразовательная школа
села Еркіншілік отдела образования
по Ерейментаускому району управления
образования по Акмолинской области

ПРИКАЗ

№2 01.09.2021 г.
с. Еркіншілік
улица Саржайлау,24
020808


2021-2022 оқу жылына ыстық тамақты ұйымдастыру

ҚР «Білім беру туралы» заңы, орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

2021 жылдың 01 қыркүйегінен оқушыларға ыстық тамақ төмендегідей ұйымдастырылсын:

1. Тәрбие ісінің меңгерушілері Мырзахан Қайратгул, Салқынбаева А.А, директордың шаруашылық жағынан орынбасары Кумар Ерболат 2021 жылдың 01 қыркүйегінен 1-11 сынып оқушыларына ыстық тамақ ұйымдастырсын. Халықтың әлеуметтік осал санатындағы оқушыларды тегін және жеңілдетілген тамақтандырумен қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсетуді қамтамасыз ету.
2. Асханада санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын бақылау және тамақтың сапасын, шикі тамақты сақтауды бақылау үшін ата-аналар құрамынан және мектеп әкімшілігінен бракераждық комиссия құрылсын.
3. 2021-2022 оқу жылына ыстық тамақты ұйымдастыруға жауапты болып тағайындалсын тәрбие ісінің меңгерушісі Салқынбаева А.А.
4. Тамақтану ұйымдастыруды жауаптыға және медицина қызметкері Жаба А /келісім бойынша/ оқушылардың тамақтану кестесін әзірлесін, бекітілген апталық ас мәзірі мен перспективтік ас мәзірі болсын, оқу жылында СанПиН талаптарына сәйкес бракеражды журналды, ас әзірлеу блогы қызметкерлерінің күнделікті тексеру нәтижесі журналын жүргізісін.
5. Директордың шаруашылық жағынан орынбасары Кумар Ерболат, медицина қызметкері Жаба Агерке /келісім бойынша/ ас әзірлеу блогындағы құралдардың тізбегін, ас әзірлеу блогының паспортын жасасын, жыл бойы мектепте ауыз су режимі, санитарлық нормалар қатаң сақталсын.
6. Информатика мұғалімі Зархам Ердигүл /келісім бойынша/ мектеп сайтында «Мектептегі тамақтану» айдарын құрсын. Ыстық тамақты ұйымдастыру туралы мәліметтерді, ас мәзірін, бракераж комиссия мүшелерінің құрамын және т.б. салуды қамтысын.
7. Мектеп асханасындағы педагогтар мен әкімшілік құрамынан құрылған кезекшілік графигі бекітілсін
8. Аспазшылардың тиісті құжаттары және тағамдардың тәуліктік сынамалары болсын, ас әзірлеу блогында, асханада санитарлық талаптар қатаң сақталсын.
9. Асхананың толымдылығы -30 %-дан артық емес болуы, әлеуметтік қашықтықты сақтау үстелдер мен келушілер арасындағы қашықтық кемінде 2 метр, едендегі белгілердің болуы, өзінен-өзі қызмет көрсетуге тыйым салуы, буфет өнімдерін жеке орамада жіберуін қадағалау.
10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзыреттілігіме қалдырамын.

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»

КММ директоры:  Исатаева Б.Г.

